

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрлігі Ғылым комитеті
төрағасының м.а.
2023 жылғы «19» қазандағы
№ 166 -нж бұйрығымен
бекітілген

**2024-2026 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық
жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға
арналған конкурстық құжаттамасы**

1. Жалпы ережелер

1. Конкурс Қазақстан Республикасының бағдарламалық құжаттарын іске асыруға бағытталған 2024-2026 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру (бұдан әрі – Конкурс) бойынша өткізіледі.

Конкурстың мақсаты - ғылыми ұйымдар мен олардың ұжымдарының, сондай-ақ ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының деңгейін, ғылыми-техникалық әлеуеті мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

2. 2024-2026 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттамасы (бұдан әрі – Конкурс) «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 мамырдағы № 519 қаулысымен бекітілген Ұлттық ғылыми кеңестер туралы қағидаларына, 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 қаулысымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет пен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыру, іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы қағидаларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы № 891 қаулысымен бекітілген мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес әзірленді.

3. Конкурстық құжаттаманы ғылым саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті конкурсқа қатысуға өтінімдерді дайындау мақсатында әзірледі.

4. 2024-2026 жылдарға арналған қаржыландырудың жалпы сомасы – 102 761 310 мың теңге, оның ішінде жылдар бойынша: 2024 жылға – 29 300 128 мың теңге, 2025 жылға – 36 730 591 мың теңге, 2026 жылға – 36 730 591 мың теңге.

5. Зерттеудің түрі: іргелі және қолданбалы зерттеулер.

2. Басым және мамандандырылған ғылыми бағыттардың атаулары

1) Экология, қоршаған орта және табиғатты ұтымды пайдалану	1. Экологиялық қауіпсіздік; 2. Экологиялық тиімді мониторингтің және «жасыл технологиялардың» заманауи технологияларын әзірлеу; 3. Климаттың өзгеруіне бейімделу; 4. Су ресурстары; 5. Топырақ сапасының, жер деградациясының және
---	--

	<p>шөлейттенудің өзекті мәселелерін зерттеу;</p> <ol style="list-style-type: none"> 6. Ауа сапасының өзекті проблемаларын зерттеу; 7. Өсімдіктер мен жануарлар әлемін сақтау және ұтымды пайдалану; 8. Суды тазарту, газды тазарту, топырақ пен шаңды жинау жүйелері; 9. Өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды өңдеу және кәдеге жарату; 10. Парниктік газ шығарындыларын азайту және сорып алу жүйелері; 11. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар; 12. Географиялық ақпараттық жүйелер және қоршаған орта объектілерінің мониторингі; 13. Геология және пайдалы қазбалар кен орындарын игеру; 14. Минералды және органикалық ресурстарды терең өңдеу; 15. Каталитикалық жүйелер мен технологиялар; 16. Қыртыстың мұнай шығарылымын арттыру әдістері; 17. Жер туралы ғылым; 18. Тиімді экологиялық мониторингі және экологиялық бақылауды қамтамасыз ету; 19. Химия ғылымы саласындағы қолданбалы зерттеулер; 20. Мұнай және газ құбырларын, газ қоймаларын жобалау және тасымалдау; 21. Мұнай және газ кен орындарын игеру және пайдалану; 22. Каталитикалық жүйелер және химиялық технологиялар саласындағы әзірлемелер; 23. Тау-кен өндіру, өңдеу, мұнай-химия өнеркәсібіне арналған химиялық технологиялар және полидисперсті композиттер және функционалдық реагенттер; 24. Төмен көміртекті өндірісті дамытуға арналған энергия және ресурс үнемдейтін химиялық технологиялар және нанокұрылымдық материалдар; 25. Экология, қоршаған орта және қоршаған ортаны басқару саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 26. Табиғи ресурстарды тұрақты пайдаланудың инновациялық әдістерін әзірлеу мақсатында экология және технология саласындағы пәнаралық ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер.
<p>2) Энергия, озық материалдар және көлік</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. IT энергетика; 2. Аддитивті өндіріс технологиялары; 3. Баламалы энергетика; 4. Сәулет және құрылыс; 5. Сутегі және баламалы энергия; 6. Сутегі энергиясы және технологиялар; 7. Тау-кен, металлургия және мұнай-газ өнеркәсібі;

	<ol style="list-style-type: none">8. Жасыл технологиялар;9. Беткейлік инженерия және материалдарды өңдеу технологиялары;10. Инновациялық материалдар және олардың технологиялары;11. Композиттік және функционалдық материалдар;12. Лазерлік, плазмалық, радиациялық технологиялар және құрал-жабдықтар;13. Машина жасау және көлік;14. Ерекше қасиеттері бар металдар және қорытпалар;15. Жаңа материалдар және нанотехнологиялар;16. Аспаптарды жасау, автоматтандырудың құралдары мен жүйелері;17. Материалдарды өңдеудің озық технологиялары;18. Өнеркәсіптік қауіпсіздік;19. Робототехника және мехатроника;20. Жылу және электр энергиясы;21. Полимерлік және композиттік материалдарды өңдеу технологиялары;22. Құрылымдық наноматериалдарды өндіру және өңдеу технологиялары;23. Бірегей қасиеттері бар құрылымдық материалдарды өндіру технологиялары;24. Көлік қауіпсіздігі;25. Көліктік технологиялар;26. Энергетикалық қауіпсіздік;27. Энергияны жинақтау жүйелері мен технологиялары;28. Энергия үнемдейтін технологиялар;29. Ядролық энергетика;30. Атомдық энергетика, ядролық технологиялар және атом энергиясын пайдалану;31. Биомедициналық мақсаттағы заттар, материалдар, композициялар және бұйымдар;32. Көмірсутекті, минералды және өсімдік шикізатын кешенді өңдеу;33. Нанодисперсті жүйелер және нанотехнологиялар;34. Ядролық энергия мен ядролық отынға арналған жаңа және функционалды материалдар;35. Материалдарды өңдеудің озық технологиялары;36. Арнайы мақсаттағы полимерлер және олардың негізіндегі материалдар;37. Металдар мен материалдарды өңдеу;38. Цифрлық энергетикалық жүйелер: электр энергиясын өндіру, бөлу және тұтыну;39. Химиялық технологиялар мен материалдар;40. Электроника және электр жабдықтары.41. Энергия, озық материалдар және көлік саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер;42. Пәнаралық ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер;
--	--

<p>3) Озық өндіріс, цифрлық және ғарыштық технологиялар</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ақпараттық қауіпсіздік; 2. Қорғаныс өнеркәсібі; 3. Электрондық өнеркәсіп және робототехника; 4. Аэроғарыш өнеркәсібі; 5. Жерді қашықтықтан зондтау және географиялық ақпараттық жүйелер; 6. Жақын және алыс ғарыш кеңістігін игеру және зерттеу технологиялары; 7. Ақпараттық және есептеуіш технологиялар; 8. Схемалық техника мен жүйелік техника; 9. Жасанды интеллект; 10. Телекоммуникациялық технологиялар және заттардың ғаламторы; 11. Үлкен деректер; 12. Геодезия және картография; 13. Пәнаралық ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер; 14. Тау-кен металлургия өнеркәсібі; 15. Биоинформатика; 16. Өнеркәсіптегі ядролық технологиялар. 17. Озық өндіріс, цифрлық және ғарыштық технологиялар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер; 18. Озық өндіріс, цифрлық және ғарыштық технологиялар саласындағы пәнаралық ғылыми зерттеулер.
<p>4) Елдің зияткерлік әлеуеті</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Әлеуметтік ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер: <ol style="list-style-type: none"> 1.1 Экономикалық зерттеулер. Экономикалық саясат және қауіпсіздік; 1.2 Демография және көші-қон. Өмір сүру сапасы және адами капитал. Еңбекті ұйымдастыру және оның қауіпсіздігі, әлеуметтік-экономикалық теңсіздік, жұмыспен қамту және жұмыссыздық, еңбекті ғылыми ұйымдастыру; 1.3 Елдің кадрлық әлеуетін дамыту; 1.4 Әлеуметтік және саяси зерттеулер. Геосаясат және халықаралық қатынастар; 1.5 Мемлекеттік басқару. Құқықтық жүйе, құқықтық реформалар, халықаралық құқықтық тәртіп; 1.6 Психология саласындағы зерттеулер: теория және практика. 1.7 Мемлекеттің, экономиканың және қоғамның құрылымдық-технологиялық жаңғыртылуы және орнықты аумақтық-кеңістіктік дамуы. 2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер: <ol style="list-style-type: none"> 2.1 Жаңа гуманитарлық білім. Философиялық және дінтану зерттеулері; 2.2 Қазақстанның ежелгі, ортағасырлық, жаңа және қазіргі заман тарихының өзекті проблемалары; 2.3 Археология мен этнологияның өзекті

	<p>проблемалары;</p> <p>2.4 Қазақстанның рухани қасиетті орындары, Қазақстанның киелі географиясы. Өлкетану;</p> <p>2.5 Лингвистика, әдебиеттану және фольклористика;</p> <p>2.6 Журналистика және бұқаралық ақпарат құралдары;</p> <p>2.7 Жалпыға ортақ тарих пен халықаралық қатынастардың өзекті проблемалары;</p> <p>2.8 Мәдениет және өнер саласындағы пәнаралық зерттеулер. Қазақстанның креативті индустриялары;</p> <p>2.9 Әлеуметтік-гуманитарлық саладағы ақпараттық және цифрлық технологиялар.</p> <p>2.10 Қазақстандық қоғамның рухани жаңғыруы.</p> <p>2.11 Гуманитарлық аспектілерді зерделеу және қазақстандық қоғамның орнықты дамуының идеялық тұғырнамасын қалыптастыру</p> <p>2.12 Жалпыұлттық бірлік, дәстүрлер мен діндер диалогы.</p> <p>2.13 Әлеуметтік-гуманитарлық саладағы цифрландыру. Ақпараттық қоғам. Білімді цифрландыру. Цифрлық кеңістік. Ақпараттық кеңістіктегі адам.</p> <p>2.14 Қазіргі заманғы тіл білімінің өзекті мәселелерін зерттеу: лингвистикадағы бейневербалды ғылыми парадигма. Мемлекеттік тілді цифрландыру, латинографиялық әліпби негізінде қазақ тілін реформалау.</p> <p>3. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы пәнаралық зерттеулер мен әзірлемелер.</p> <p>4. Білім беру және ғылым саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер:</p> <p>4.1 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің өзекті проблемалары;</p> <p>4.2 Білім беруді жаһандандыру саласындағы инновациялық технологиялар;</p> <p>4.3 Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру саласындағы зерттеулер</p> <p>4.4 Балалардың ерте дамуы;</p> <p>4.5 Орта және кәсіптік-техникалық білім берудің өзекті проблемалары;</p> <p>4.6 Білім беруді цифрландырудың өзекті мәселелері;</p> <p>4.7 Дене шынықтыру және спорт саласындағы зерттеу;</p> <p>4.8 Арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы өзекті проблемалар;</p> <p>4.9 Үздіксіз білім беру проблемалары.</p> <p>4.10 Ғылым саласындағы өзекті проблемалар.</p> <p>5. Математика, механика, астрономия, физика, химия, биология, информатика және география саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер.</p>
<p>5) Өмір және денсаулық туралы ғылым</p>	<p>1. Эпидемиология, және халықтың денсаулығын қорғау саласындағы зерттеулер;</p> <p>2. Өмір туралы ғылымдар мен денсаулық сақтау саласындағы биотехнология және биоинформатика;</p>

	<p>3. Гендік инженерия және жасушалық технологиялар; 4. Медицина және геронтология саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер; 5. Медицина және қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы озық зерттеулер; 6. Фармация, биологиялық белсенді заттар, биологиялық және медициналық препараттар; 7. Медицина және биология саласындағы молекулярлық-генетикалық және мультиомдық зерттеулер; 8. Нейроғылым; 9. Биологиялық әртүрлілік саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер; 10. Пәнаралық ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер.</p>
<p>6) Агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту</p>	<p>1. Ветеринария 2. Фитосанитария 3. Агроөнеркәсіптік кешендегі биотехнология және гендік инженерия; 4. Агроөнеркәсіптік кешендегі биоинформатика және цифрландыру; 5. Интенсивті мал шаруашылығы 6. Интенсивті егіншілік және өсімдік шаруашылығы; 7. Ауыл шаруашылығы өнімдері мен шикізатын өңдеу және сақтау 8. Агроөнеркәсіптік кешенді техникалық қамтамасыз ету және жаңғырту; 9. Ауылдық аумақтарды және агроөнеркәсіп кешенінің экономикасын тұрақты дамыту; 10. Органикалық ауыл шаруашылығы; 11. Азық-түлік және тамақтану қауіпсіздігі; 12. Агроөнеркәсіптік кешенді орнықты дамыту саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер; 13. Пәнаралық зерттеулер мен әзірлемелер.</p>
<p>7) Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс, биологиялық қауіпсіздік</p>	<p>1. Іргелі ғылыми зерттеулер 1.1 Мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің жалпы теориясы 1.2 Мемлекеттің әскери ұйымын дамыту 1.3 Криптология 2. Қолданбалы ғылыми зерттеулер 2.1 Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету 2.2 Әскери қауіпсіздік және әскери өнер саласындағы зерттеулер 2.3 Қорғаныс-өнеркәсіп кешенін, қару-жарақ пен әскери техниканы, әскери-ғарыштық технологияларды дамыту 2.4 Терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл</p>

	<p>2.5 Арнайы мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз ету.</p> <p>2.6 Құқық қорғау органдарының қызметін қамтамасыз ету.</p> <p>2.7 Өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, азаматтық қорғаныс, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы зерттеулер</p> <p>2.8 Биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету</p>
--	--

3. Ғылыми жетекшіге және зерттеу тобына қойылатын біліктілік талаптары, сондай-ақ өзге де біліктілік талаптары

1. Гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілері, сондай-ақ дербес білім беру ұйымдары және олардың ұйымдары тең шарттарда қатысады.

2. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаның ғылыми жетекшісі (бұдан әрі – жоба жетекшісі) Қазақстан Республикасының резиденті болуға және мынадай ең төменгі біліктілік талаптарына сәйкес келуге тиіс:

- философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі немесе ғылыми дәрежесі (ғылым докторы/кандидаты) болуы. Бұл ретте шетелде алынған дипломдардың баламалылығын тану рәсімінен өту талап етілмейді;

- жоба жетекшісінің ғылыми зерттеу саласы және (немесе) оның ғылыми-зерттеу және (немесе) ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесі ғылыми жобаның бағытына сәйкес келуі тиіс.

3. Жоба басшысының 2018-2023 жылдары жоба берілетін ғылым бағыты бойынша мынадай жарияланымдары болуы тиіс:

3.1. Жаратылыстану ғылымдары, инжиниринг және технологиялар, медицина және денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы және ветеринария ғылымдары салалары үшін:

іргелі зерттеулер үшін:

- Web of Science деректер базасының Science Citation Index Expanded-те индекстелетін және импакт-фактор бойынша 1 (бірінші), 2 (екінші) немесе 3 (үшінші) квантильдерге кіретін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша 50-ден (елу) кем емес процентилі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда 2 (екі) мақаладан және (немесе) шолудан кем емес;

қолданбалы зерттеулер үшін:

- Web of Science деректер базасының Science Citation Index Expanded-те индекстелетін және импакт-фактор бойынша 1 (бірінші), 2 (екінші) немесе 3 (үшінші) квантильдерге кіретін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша 35-тен (отыз бес) кем емес процентилі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда 2 (екі) мақаладан және (немесе) шолудан кем емес;

- немесе Web of Science деректер базасының Science Citation Index Expanded-те индекстелетін және импакт-фактор бойынша 1 (бірінші), 2 (екінші) немесе 3 (үшінші) квантильдерге кіретін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша 35-тен (отыз бес) кем емес процентилі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда 1 (бір) мақаладан және (немесе) шолудан кем емес және Derwent Innovations Index (Web of Science, Clarivate Analytics) құрамына енгізілген кемінде 1 (бір) патент;

- немесе Science Citation Index Expanded Web of Science дерекқорында индекстелетін және импакт-фактор бойынша 1 (бірінші), 2 (екінші) немесе 3 (үшінші) квантильдерге кіретін және (немесе) Scopus дерекқорында кемінде 50 (елу) CiteScore процентилі бар рецензияланған ғылыми журналда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу және (немесе) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары

білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – ҒЖБССҚК) ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынған отандық немесе шетелдік ғылыми басылымдарда 2 (екі) мақала және (немесе) шолу.

3.2. Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер саласындағы салалар үшін: іргелі және қолданбалы зерттеулер үшін:

- Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index, Web of Science деректер базасында индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша процентиі кемінде 25 (жиырма бес) бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала немесе шолу;

- немесе ҒЖБССҚК ұсынған отандық немесе шетелдік ғылыми басылымдарда кемінде 5 (бес) мақала және (немесе) шолу.

- немесе Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index, Web of Science деректер базасында индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша процентиі кемінде 25 (жиырма бес) бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу, сондай-ақ ҒЖБССҚК ұсынған отандық немесе шетелдік ғылыми басылымдарда кемінде 3 (үш) мақала және (немесе) шолу.

3.3. Басымдық бойынша берілген ғылыми және ғылыми-техникалық жобалардың басшылары үшін «Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс» және (немесе) Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын 3.1 және 3.2-талаптар қолданылмайды. Осы санаттар үшін жоба жетекшісінің 2018-2023 жылдары:

- ҒЖБССҚК ұсынған журналдарда кемінде 5 (бес) мақала.

3.4. Web of Science (оның ішінде – Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index) және Scopus базаларындағы журналдарда мақалалар немесе шолулар ретінде тек осы базаларда индекстелген (бар) және article (мақала), Review (шолу), Early Access (Ерте қол жеткізу) немесе Article in Press (баспасөздегі мақала) типі бар жарияланымдар ғана есептеледі. Web of Science дерекқорындағы журналдың квартилі және Scopus базасындағы CiteScore сайттары үшін процентиі жарияланған жылы немесе өтінім берген сәтте соңғысы ескеріледі.

Өртүрлі бұзушылықтар үшін өтінім беру кезінде Scopus базасында индекстелуі тоқтатылған журналдарда жарияланған мақалалар мен шолулар (<https://www.elsevier.com/solutions/scopus/how-scopus-works/content> парағындағы «Discontinued Sources from Scopus» файл) ескерілмейді.

Жоба басшысының бейінінде «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ (бұдан әрі – Орталық) ақпараттық жүйесінде автордың сәйкестендіргіштері (Scopus Author ID, Researcher ID, orcid, бар болса) көрсетілуі тиіс.

3.5. Орталықтың ақпараттық жүйесіндегі «негізгі ақпарат» бөлімінде осы конкурстық құжаттаманың 3-бөлімі 3-тармағының талаптарына сәйкес келетін, толық библиографиялық сипаттамасы, Web of Science және/немесе Scopus Дерекқоры бойынша журналдардың квартильдері және/немесе процентиілері, сондай-ақ DOI немесе URL міндетті түрде көрсетілген жарияланымдардың тізімі келтірілуі тиіс.

Ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар басшыларының мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді және таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын жарияланымдарынан басқа – жоба жетекшілерінің Web of Science және Scopus базаларында индекстелмейтін басылымдардағы жарияланымдары, егер ол Интернет желісінде орналасқан журналдың немесе оның Digital Object Identifier (DOI) түпнұсқалық сайтында веб-беттің URL-мекенжайы келтірілген жағдайда ғана ескеріледі.

3.6. ҒЖБССҚК ұсынған ғылыми басылымдағы мақалаға келесі жарияланымдар теңестіріледі:

- Web of Science деректер базасының Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index индекстелген мақала немесе ғылыми басылымға шолу;

- немесе Web of Science деректер базасы немесе Scopus деректер базасының Emerging Sources Citation Index индекстелген шетелдік ғылыми басылымдағы мақала немесе шолу;

- немесе өнертабысқа патент (ол бойынша оң шешімді қоса алғанда);

- немесе жобаның ғылыми жетекшісінің қосқан үлесі Ғылыми кеңеспен ұсынылған 1 баспа парақтан немесе 8000 сөзден кем емес монография;

4. Зерттеу тобының құрамына Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын өндірістен шыққан инженерлердің және (немесе) шетелдік ғалымдардың (мемлекеттік кұпияларды және таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты құрайтын мәліметтерді қамтитын ғылыми және ғылыми-техникалық жобалардың басшыларын қоспағанда) 30 (отыз) % - дан аспайтын (зерттеу тобы мүшелерінің жалпы санының, ғылыми жетекшіні қоспағанда) тартылуы мүмкін. Шетелдік ғалым ҚР резиденттігінің болуы туралы талапты қоспағанда, ғылыми жетекшілерге қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс.

5. Зерттеу тобы мүшелерінің конкурстық өтінім беру сәтінде (Орталықтың ақпараттық жүйесінің деректеріне сәйкес) кемінде 30 (отыз) % - ы 40 (қырық) жастан аспаған мамандар және (немесе) ғалымдар қатарынан болуға тиіс.

6. Жеке тұлға осы конкурс шеңберінде қатысуға құқылы:

- ғылыми жетекші ретінде – 1 (бір) жобадан артық емес, сондай-ақ топ мүшесі ретінде- 1 (бір) жобадан артық емес;

- ғылыми жетекші болып табылмайтын топтың мүшесі ретінде-2 (екі) жобадан артық емес.

Осы конкурстық құжаттаманың 3-бөлімі 6-тармағының талаптарынан асатын барлық өтінімдер пысықталуға жіберіледі.

7. 2022-2024 және 2023-2025 жылдарға арналған жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру және гранттық қаржыландыру конкурстары шеңберінде қаржыландыруға мақұлданған екі және одан да көп жобаның жетекшілері осы конкурсқа жетекші ретінде қатыса алмайды.

4. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар

1. Өтінім берушінің ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісін аккредиттеу туралы куәлігінің көшірмесі;

2. Конкурсқа қатысуға арналған өтінім 1-қосымшаға сәйкес Аннотация мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде, ал түсіндірме жазба және сұратылатын қаржыландыру есебі мемлекеттік немесе орыс тілдерінде, сондай-ақ ағылшын тілінде ұсынылады.

3. Биоэтика мәселелері жөніндегі жергілікті және (немесе) орталық комиссияның оң қорытындысы (адамдар мен жануарларға биомедициналық зерттеулер үшін).

4. Жеке әріптес тарапынан (ұлттық қауіпсіздікті және қорғанысты қамтамасыз ету, атом энергиясын пайдалану, қоғамдық, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласындағы қолданбалы зерттеулер жобаларын қоспағанда, жобаны қажетті ресурстармен, оның ішінде қаржылық ресурстармен ішінара қамтамасыз ету туралы), іргелі зерттеулер бойынша мүмкіндігінше, қолданбалы зерттеулер бойынша міндетті түрде, жобаны іске асырудың бүкіл кезеңіне өтінімнің жалпы сомасының кемінде 1%-ын қамтамасыз ету туралы келісім.

Іске асыру мерзімдері, жобаның атауы және ЖТН, салым сомасы (теңгедегі баламасы) немесе қажетті ресурстар (ресурстардың ақшалай мәндегі құны) көрсетілген, сондай-ақ келісімдердің екі тараптың мөрлерімен қол қойылған және куәландырылған еркін нысандағы салым туралы келісім тараптардың ниетін растау болып табылады.

5. Ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру бойынша конкурсқа қатысу үшін өтінім нысанына және мазмұнына қойылатын талаптар, және жеке әріптес тарапынан қоса қаржыландыру көлемі және шарттары

1. Конкурсқа қатысуға арналған өтінім 1-қосымшаға сәйкес Аннотация мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде, ал түсіндірме жазба және сұратылатын қаржыландыру есебі мемлекеттік немесе орыс тілдерінде, сондай-ақ ағылшын тілінде ұсынылады. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын өтінім мемлекеттік не орыс тілдерінде жасалады.

Өтінімнің Word форматындағы мазмұны is.ncste.kz. ақпараттық жүйедегі мазмұнмен бірдей болуы тиіс.

2. Өтінімдер академиялық және зерттеу этикасының қағидалары мен нормаларына сәйкес келуі тиіс.

3. Өтінімде жобаны іске асыру мерзімі – 36 ай (күнтізбелік жоспарда жұмыстарды орындауды бастау – 2024 жылғы қаңтар) туралы ақпарат қамтылуға тиіс.

4. Жобаны іске асыру үшін қажетті сұратылатын қаржыландыру сомасы – 2024 жылға 34 млн.теңгеден аспайтын, 2024 жылға 43 млн. теңгеден аспайтын, 2025 жылға 43 млн. теңгеден аспайтын.

Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер саласындағы жобаны іске асыру үшін қажетті сұратылған қаржыландыру сомасы-2024 жылға 30 млн. теңгеден аспайтын, 2025 жылға 30 млн.теңгеден аспайтын, 2026 жылға 30 млн. теңгеден аспайтын.

Жобаны іске асыру үшін қажет болатын бірлігіне 30 млн. теңгеден кем емес ғылыми жабдықты сатып алу қажетті сұралатын қаржыландыру сомасы (*«жабдықты және (немесе) бағдарламалық қамтамасыз етуді (заңды тұлғалар үшін) сатып алу бабы бойынша»*) – **2024 жылға 42 млн. теңгеден артық емес, 2025 жылға 54 млн. теңгеден артық емес, 2026 жылға 54 млн.теңгеден артық емес.**

Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер саласындағы жобаны іске асыру үшін қажет болатын бірлігіне 25 млн. теңгеден кем емес ғылыми жабдықты сатып алу қажетті сұралатын қаржыландыру сомасы (*«жабдықты және (немесе) бағдарламалық қамтамасыз етуді (заңды тұлғалар үшін) сатып алу бабы бойынша»*) – **2024 жылға 34 млн. теңгеден артық емес, 2025 жылға 43 млн. теңгеден артық емес, 2026 жылға 43 млн.теңгеден артық емес.**

Заңды тұлғалар үшін бірлігіне кемінде 25 млн. теңге тұратын ғылыми жабдықты сатып алу үшін кемінде 3 (үш) баға ұсынысын қоса беру қажет.

Жобаны іске асыру шеңберінде құны кемінде 25 млн. теңге болатын ғылыми жабдықты сатып алуға конкурсқа тек заңды тұлға ретінде қатысқан кезде ғана жол беріледі.

Құны бір бірлігіне 25 млн. теңгеден кем емес ғылыми жабдықты сатып алуға жобаны орындау барысында екінші күнтізбелік жылдан кешіктірмей алынуы қажет.

Ғылыми жабдықтар ғылыми зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келуі керек.

Зерттеудің күтілетін нәтижелері сұралып отырған қаржыландыру көлеміне сәйкес болуы тиіс.

5. Міндеттердің өлшенетін көрсеткіштерін көрсету кезінде әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар мен өнер саласындағы жобаларды қоспағанда, өтінім беру және жобаны аяқтау кезеңінде әзірлемелердің (ғылыми зерттеулер мен технологиялардың) технологиялық дайындығының деңгейін көрсету қажет.

6. Ғылыми жетекшіні қоса алғанда, зерттеу тобының барлық мүшелеріне еңбекақы төлеудің жалпы қоры жобаны іске асырудың барлық кезеңінде (салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қоса алғанда) сұратылған қаржыландырудың жалпы көлемінің 70% - (жетпіс пайызынан) аспауға тиіс.

7. Бөгде ұйымдардың (үшінші тұлғалардың) қызметтеріне арналған шығыстар жобаны іске асырудың бүкіл кезеңі үшін сұратылып отырған қаржыландырудың жалпы көлемінің жиынтығында 20 (жиырма пайызынан) %-ынан аспауға тиіс.

8. Ұлттық қауіпсіздік пен қорғанысты қамтамасыз ету, атом энергиясын пайдалану, қоғамдық, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласындағы қолданбалы зерттеулер жобаларын қоспағанда, қолданбалы зерттеулер бойынша грант алуға үміткер қатысушы жобаны қажетті ресурстармен, оның ішінде қаржылық ресурстармен ішінара қамтамасыз ете отырып, жекеше әріптестің жобаны іске асырудың бүкіл кезеңіне өтінімнің жалпы сомасының кемінде 1%-ын қатысуын қамтамасыз етеді.

Қолданбалы жобалар бойынша жобаның жалпы құнынан қоса қаржыландырудың әрбір 5% үшін оны ұлттық ғылыми кеңес қарау кезеңінде 1 балл қосылады, бірақ жиынтығында 4 баллдан аспайды (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 мамырдағы № 519 қаулысымен бекітілген Ұлттық ғылыми кеңестер туралы ережеге сәйкес*).

Бұл ретте қажетті қаржы ресурстарымен ішінара қамтамасыз ету жобаны іске асыру кезеңінде айқындалған тиісті жылға арналған қаржыландыру көлеміне (шарт шеңберінде қаржы қаражаты түскен сәттен бастап 3 айдан кешіктірілмей) барабар есептелуге тиіс, аударымды растау жобаның ЖСН аударуды тағайындауда көрсете отырып, өтініш берушінің ұйымының бухгалтерлік балансынан банктік құжат және/немесе қаржылық жазбалар болып табылады. Жобаның материалдық қамтамасыз етілуі екі тараптың мөрлерімен расталған қызмет көрсетуден/тауарларды жеткізуден кейін берілетін тиісті құжатпен расталуға тиіс (жеке тұлғалар үшін қолы).

Жекеше әріптес жобаны іске асыру барысында салым ниетінен бас тартқан не тең мәнді ауыстыру болмаған жағдайда, ҰҒК шешімі бойынша жобаны қаржыландыру тоқтатылуы мүмкін.

6. Конкурса өтінім беру үдерісі

1. Өтініш беруші Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетіне электрондық түрде, өтініш беруші ұйым басшысының, Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын жобаның ғылыми жетекшісі мен зерттеу тобы мүшелерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталған, Орталықтың www.is.ncste.kz ақпараттық жүйесі арқылы өтінім береді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы № 891 қаулысымен бекітілген мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамананы ұйымдастыру және жүргізу қағидаларының 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес Орталықтың ақпараттық жүйесінде өтінімге жеке тіркеу нөмірін (бұдан әрі - ЖТН) алады.

Өтінім беруші ұйым басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылғаннан кейін өтінім қайта қайтарып алынбайды және оған қол қойылмайды.

2. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын грифі бар өтінімдер «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес ресімделеді.

Өтінімдер қағаз және электрондық нұсқада (дискіде) мемлекеттік немесе орыс тілдерінде беріледі. Қағаз тасығыш тізімдемесі бар брошюра ретінде тігіледі, соңғы бетте парақтардың саны (құпия және құпия емес парақтардың саны) көрсетіліп, қорытынды жазба жасалады және мөрмен жапсырылады. Қағаз тасығышқа түгендеу нөмірі беріледі, өтінімнің электрондық нұсқасы бар дискіде тіркеу нөмірі болуы тиіс.

Субъектінің мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссиясының отырысында бекітілген ҚР Ведомстволық мәліметтер тізбесінің (бұдан әрі - ҚР ВМТ) бабына сілтеме жасай отырып, өтінімнің құпиялылық белгісін беру туралы анықтама-негіздеме өтінімге тігіледі.

2.1 Таратылуы шектелген мәліметтерді, қызметтік ақпаратты қамтитын өтінімдер таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың құпиялылығын сақтау шарттарында Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1196 қаулысының талаптарына сәйкес ресімделеді.

Өтінімдер қағаз және электрондық нұсқада (дискіде) мемлекеттік немесе орыс тілдерінде беріледі. Қағаз тасығыш тізімдемесі бар брошюра ретінде тігіледі, соңғы бетте парақтар саны көрсетіле отырып, қорытынды жазба жасалады және мөр басылған жапсырмамен бекітіледі. Қағаз тасығышқа түгендеу нөмірі беріледі, өтінімнің электрондық нұсқасы бар дискіде тіркеу нөмірі болуы тиіс.

Субъектінің комиссия отырысында қаралған ҚР ВМТ-ның бабына сілтеме жасай отырып, өтінімге «Таратылуы шектелген қызметтік ақпарат үшін» деген белгі беру туралы анықтама-негіздеме өтінімге тігіледі.

Қазақстан Республикасының шегінде «құпия» белгісі бар және «ҚБПУ» белгісі бар өтінімдерді жіберуді, әдетте, фельдъегерлік қызмет немесе «Қазпошта» АҚ - «Республикалық арнайы байланыс қызметі» («Қазпошта – РАБҚ» АҚ) арқылы жүргізеді. Бұл ретте конвертте (пакетте) құпиялылық белгісін және «ҚБПУ» деген белгіні міндетті түрде көрсету қажет.

3. Өтінімдер өтініш берушіге пысықтау үшін мынадай жағдайларда жіберіледі:

1) өтінімді ресімдеудің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуі және талап етілетін құжаттардың ұсынылмауы;

2) МҒТС объектісінің тақырыбын немесе мазмұнын бұрын берілген, бірақ қаржыландыру үшін мақұлданбаған не бір мезгілде берілген МҒТС объектілерімен қайталау фактілерінің болуы;

3) гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысушының ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісін аккредиттеу туралы куәлігі болмаған жағдайларда жүзеге асырылады;

4) ғылыми жетекшінің осы конкурстық құжаттаманың 3-бөлімінің талаптарына сәйкес келмеуі;

5) күтілетін нәтижелердің конкурстық құжаттаманың 7-бөлімінің талаптарына сәйкес келмеуі.

6) этика және биоэтика мәселелері жөніндегі орталық немесе жергілікті комиссиялардың оң қорытындысының болмауы (адамдар мен жануарларға биомедициналық зерттеулер үшін);

7) 3-бөлімнің 6-тармағында көрсетілген берілетін өтінімдер санының артуы;

8) қолданбалы жоба бойынша жекеше әріптес тарапынан салым туралы келісімді ұсынбау.

Өтінім беруші Ұйымдастырушы өтінімді пысықтауға жіберген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде пысықталған өтінімді Ұйымдастырушының ақпараттық жүйесі арқылы жібереді. Ұйымдастырушы пысықтау мерзімі аяқталғаннан кейін берілген өтінімдерді МҒТС жүргізбестен Тапсырыс берушіге қайтарады.

Ескертулер жойылмаған жағдайда, өтінім берушіге қайтарылады.

7. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру қорытындылары бойынша күтілетін нәтижелерге қойылатын талаптар

1. Ғылыми нәтижелер

1.1 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру қорытындылары бойынша жобаны іске асырудың бүкіл кезеңінде мынадай ең төмен нәтижелер алынуға тиіс:

Құны бір бірлігіне кемінде 25 млн. теңге болатын ғылыми жабдықты сатып алу көзделген жобада алынатын жабдықты ауыстыруға немесе алып тастауға жол берілмейді. Өтінімнің күтілетін нәтижелерінде, сондай-ақ күнтізбелік жоспарда жабдықтың атауын және жабдықты қолдану арқылы эксперименттік зерттеулердің нәтижелері міндетті түрде көрсетілуі қажет.

Жариялануы тиіс (міндетті түрде мақалалар және/немесе шолулар/патент авторларының кемінде 50%-ы зерттеу тобының мүшелері болуы тиіс; халықаралық коллаборациясы бар жобалар үшін авторлар тізімінде міндетті түрде жобаның ғылыми жетекшісі және зерттеу тобының кемінде бір қазақстандық мүшесі болуы және жобаның ЖТНы көрсетілуі тиіс); Web of Science және Scopus халықаралық базаларындағы процентиль және квартиль мәндері жарияланған жылы немесе есепті қарау сәтінде көрсетіледі):

***Жаратылыстану ғылымдары саласындағы салалар үшін:
іргелі зерттеулер үшін:***

<p>- Science Citation Index Expanded-те индекстелетін және Web of Science базасындағы импакт-фактор бойынша 1 (бірінші), 2 (екінші) және (немесе) 3 (үшінші) квартильге кіретін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде 60 (алпыс) процентилі бар жобаның ғылыми бағыты бойынша рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 3 (үш) мақала және (немесе) шолу);</p> <p>- ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік немесе отандық басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу;</p>
<p>- немесе Science Citation Index Expanded-те индекстелетін және Web of Science базасындағы импакт-фактор бойынша 1 (бірінші), 2 (екінші) және (немесе) 3 (үшінші) квартильге кіретін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде 70 (жетпіс) процентилі бар жобаның ғылыми бағыты бойынша рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолу);</p>
<p>- немесе Science Citation Index Expanded-те индекстелетін және Web of Science базасындағы 1 (бірінші) квартильге немесе Scopus базасындағы CiteScore бойынша 90 (тоқсан) процентильге кіретін рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу.</p>

қолданбалы зерттеулер үшін:

<p>- Science Citation Index Expanded индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша 50 (елу) кем емес процентилі бар жобаның ғылыми бағыты бойынша рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 3 (үш) мақала және (немесе) шолу);</p> <p>- кемінде өнертабысқа 1 патент (ол бойынша оң шешімді қосқанда);</p>
<p>- немесе Science Citation Index Expanded индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде 50 (елу) процентилі бар жобаның ғылыми бағыты бойынша рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 2 (екі) мақала немесе шолу) және Derwent Innovations Index (Web of Science, Clarivate Analytics) дерекқорына кіретін 1 (бір) патент;</p> <p>- сонымен қатар ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу;</p>
<p>- немесе Science Citation Index Expanded индекстелетін және Web of Science базасында импакт-фактор кватилі 1 (бірінші) және (не) 2 (екінші) кіретін және (немесе) CiteScore бойынша Scopus базасында кемінде 65 (алпыс бес) процентилі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолу);</p> <p>- сонымен қатар ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу;</p>
<p>- немесе Web of Science базасында импакт-фактор бойынша 1 (бірінші) не 2 (екінші) квартильге кіретін және (немесе) CiteScore бойынша Scopus базасында кемінде 65 (алпыс бес) процентилі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу және Derwent Innovations Index (Web of Science, Clarivate Analytics) дерекқорына</p>

кіретін кемінде 1 (бір) патент;

- сонымен қатар ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу;

- немесе Science Citation Index Expanded индекстелетін және Web of Science базасында импакт-фактор бойынша 1 (бірінші) квартильге кіретін және (немесе) CiteScore бойынша Scopus базасында кемінде 80 (сексен) процентиі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) шолу және (немесе) мақала;

- кемінде өнертабысқа 1 патент (ол бойынша оң шешімді қосқанда);

Инжиниринг және технологиялар, медицина және денсаулық сақтау салалары үшін

Іргелі зерттеулер үшін:

- Science Citation Index Expanded-те индекстелетін және Web of Science базасындағы импакт-фактор бойынша 1 (бірінші), 2 (екінші) және (немесе) 3 (үшінші) квартильге кіретін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде 60 (алпыс) процентиі бар жобаның ғылыми бағыты бойынша рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 3 (үш) мақала және (немесе) шолу);

- ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік немесе отандық басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу;

- немесе Science Citation Index Expanded-те индекстелетін және Web of Science базасындағы импакт-фактор бойынша 1 (бірінші), 2 (екінші) квартильге кіретін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде 70 (жетпіс) процентиі бар жобаның ғылыми бағыты бойынша рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолу);

- немесе Science Citation Index Expanded-те индекстелетін және Web of Science базасындағы 1 (бірінші) квартильге немесе Scopus базасындағы CiteScore бойынша 90 (тоқсан) процентиіге кіретін рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу.

Қолданбалы зерттеулер үшін:

- Science Citation Index Expanded индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша 50 (елу) кем емес процентиі бар жобаның ғылыми бағыты бойынша рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 3 (үш) мақала және (немесе) шолу);

- кемінде өнертабысқа 1 патент (ол бойынша оң шешімді қосқанда);

- немесе Science Citation Index Expanded индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде 50 (елу) процентиі бар жобаның ғылыми бағыты бойынша рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 2 (екі) мақала немесе шолу) және Derwent Innovations Index (Web of Science, Clarivate Analytics) дерекқорына кіретін 1 (бір) патент;

- сонымен қатар ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу;

- немесе Science Citation Index Expanded индекстелетін және Web of Science базасында импакт-фактор квартилі 1 (бірінші) және (не) 2 (екінші) кіретін және (немесе) CiteScore бойынша Scopus базасында кемінде 65 (алпыс бес) процентиі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолу;

<p>- сонымен қатар ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу;</p>
<p>- немесе Web of Science базасында импакт-фактор бойынша 1 (бірінші) не 2 (екінші) квартильге кіретін және (немесе) CiteScore бойынша Scopus базасында кемінде 65 (алпыс бес) процентілі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу және Derwent Innovations Index (Web of Science, Clarivate Analytics) дерекқорына кіретін кемінде 1 (бір) патент;</p> <p>- сонымен қатар ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу;</p>
<p>- немесе Science Citation Index Expanded индекстелетін және Web of Science базасында импакт-фактор бойынша 1 (бірінші) квартильге кіретін және (немесе) CiteScore бойынша Scopus базасында кемінде 80 (сексен) процентілі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) шолу және (немесе) мақала;</p> <p>- кемінде өнертабысқа 1 патент (ол бойынша оң шешімді қосқанда).</p>

Ауыл шаруашылығы және ветеринария ғылымдары салалары үшін:

Іргелі зерттеулер үшін:

<p>- Web of Science базасының Science Citation Index Expanded индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша 50 (елу) кем емес процентиль бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолу;</p> <p>- сонымен қатар, ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу;</p>
<p>- немесе Web of Science базасының Science Citation Index Expanded индекстелетін импакт-фактор бойынша 1 (бірінші) не 2 (екінші) квартильге кіретін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде 65 (алпыс бес) процентиль бар рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 1 (бір) мақала;</p> <p>- сонымен қатар, ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу;</p>

Қолданбалы зерттеулер үшін:

<p>- Web of Science базасының Science Citation Index Expanded индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша 50 (елу) кем емес процентиль бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолу;</p> <p>- сонымен қатар, ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу;</p>
<p>- немесе Web of Science базасының Science Citation Index Expanded индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентиль бар рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу және Derwent Innovations Index (Web of Science, Clarivate Analytics) дерекқорына кіретін 1 (бір) патент;</p> <p>- сонымен қатар, ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу;</p>
<p>- немесе Web of Science базасында импакт-фактор бойынша 1 (бірінші) немесе 2 (екінші) квартильдерге кіретін және (немесе) CiteScore бойынша Scopus базасында кемінде 65 (алпыс бес) процентілі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір)</p>

мақала және (немесе) шолу;

- кемінде өнертабысқа 1 патент (ол бойынша оң шешімді қосқанда).

Әлеуметтік, гуманитарлық және өнер салалары үшін:

- Web of Science базасының Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore бойынша 35 (отыз бес) процентильге ие рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 2 (екі) мақала немесе шолу;

- сонымен қатар, ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда кемінде 4 (төрт) мақала немесе шолу;

- немесе Social Science Citation Index индекстелетін және Web of Science базасында импакт-фактор бойынша 1 (бірінші) немесе 2 (екінші) квартильге және (немесе) CiteScore бойынша Scopus базасында кемінде 65 (алпыс бес) процентилі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу;

- сонымен қатар, ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда кемінде 2 (екі) мақала немесе шолу;

- немесе Web of Science базасындағы Arts and Humanities Citation Index индекстелетін рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 3 (үш) мақала және (немесе) шолу.

- кемінде өнертабысқа 1 патент (ол бойынша оң шешімді қосқанда).

Ұлттық қауіпсіздік пен қорғаныс саласындағы және (немесе) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ таратылуы шектеулі меншікті ақпаратты қамтитын жобалар бойынша:

- ҒЖБССҚК ұсынған журналдарда және (немесе) басқа да отандық рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 5 (бес) мақала;

- кем дегенде өнертабысқа 1 (бір) патент (ол бойынша оң шешімді қосқанда);

1.2. Жобаны іске асыру нәтижелері бойынша мүмкіндігінше ғылымның барлық салаларында кемінде 1 (бір) философия докторы (PhD) немесе осы сала бойынша докторы дайындаған жөн.

1.3. Бір жарияланым тиісті жарияланымдағы қаржыландыру туралы мәтінде нөмірі бірінші көрсетілген жоба бойынша ғана есептеледі (халықаралық коллаборациясы бар жобалардан басқа).

1.4. Мақала немесе шолу жоба үшін (мемлекеттік құпияларды құрайтын және қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтері бар жобалар, сонымен бірге шектеулі қызметтік ақпараттан басқа), егер ол журналдың ресми сайтында, оның ішінде – «баспасөзде» (In Press) немесе осыған ұқсас мәртебесімен жарияланған жағдайда есептеледі.

1.5. ҒЖБССҚК ұсынған ғылыми басылымдағы мақалаға келесі басылымдар теңестіріледі:

- Web of Science деректер базасында индекстелген Emerging Sources Citation Index, Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index ғылыми басылымдағы мақала немесе шолу;

- Web of Science платформасында немесе Scopus деректер базасында индекстелетін шетелдік ғылыми басылымдағы мақала немесе шолу;

- өнертабысқа патент (ол бойынша оң шешімді қосқанда);

- немесе аккредиттелген ғылыми ұйымның ғылыми немесе ғылыми-техникалық кеңесінің ұсынысы болған жағдайда зерттеу тобы мүшелерінің үлесі кемінде 3 баспа табақ болатын көлемі кемінде 5 баспа табақ монография;

- немесе мұрағаттық құжаттар жинағы.

2. Жобаны іске асыру нәтижесінде дайындалған ғылыми-техникалық өнім, оның ішінде өңірлер экономикасының негізгі проблемаларын шешу үшін (*жаңа технологиялар, әдістемелер, бағдарламалық қамтамасыз ету, техникалық құжаттама, проблемаларды шешуге арналған ұсынымдар, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық және тәжірибелік-өнеркәсіптік әзірлемелер, географиялық, геологиялық, сейсмикалық және басқа карталар, жаңа материалдар, заттар, жабдықтар, препараттар, құралдар, емдеу хаттамалары және басқалар*) қорғау құжатымен, енгізу актісімен, енгізу жөніндегі ұсынымдармен, лицензиялық келісіммен қатар, коммерцияландыру жобасына өтініммен орындаушы ұйымның басшысы растаған фотосуреттер, бейнелер және өзге де ақпараттар қоса берілген құжаттамалық растау түрінде ұсынылуы мүмкін.

Ғылыми-техникалық өнімді соңғы пайдаланушылар үшін жоба шеңберінде мүмкіндігінше базалық оқу материалдары әзірленгені жөн.

3. Енгізу актісінде қол жеткізілген және (немесе) күтілетін әлеуметтік-экономикалық тиімділік туралы деректер қамтылуға тиіс.

4. Ғылыми жұмысты, зерттеу нәтижелерін (мақалалар, шолулар, қорғау құжаттары, оның ішінде патенттер, монографиялар, конференциялар, форумдар мен симпозиумдар материалдары, оқу құралдары және т.б.) жариялау кезінде, авторлар жобаның ШЖК және қаржыландыру көзі (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті) көрсетіле отырып, алынған грантқа міндетті түрде сілтеме жасауы тиіс. Ағылшын тіліндегі басылымдарда қаржыландыру туралы мәтін мынадай болуы тиіс: *This research has been/was/is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP00000000)», AP00000000 – жобаның ЖТН.*

5. ЖТН жариялау құқығы, мақұлданған жобаның және өтініш берушінің атауы, жоба жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), өтінімнің аннотациясы, күтілетін нәтижелер және жобаны іске асырудың әрбір жылы үшін алынған нәтижелердің аннотациясы (баспа және (немесе) электронды түрде) өтініш берушінің және (немесе) жоба жетекшісінің келісімі талап етілмей Орталыққа беріледі.

Нәтижелер туралы ақпаратты тарату, оларды енгізу және коммерцияландыру ықтималдығын арттыру үшін (мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ таратылуы шектеулі меншікті ақпаратты қамтитын жобаларды қоспағанда) әрбір жоба үшін ұйымның немесе зертхананың сайтында (не жеке сайт) веб-бет құрылуы тиіс, онда жоба туралы қысқаша ақпарат көрсетілуі тиіс: өзектілігі, мақсаты, күтілетін нәтижелері және алынған нәтижелері зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні және олардың сәйкестендіргіштері (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, егер бар болса) және тиісті бейіндерге сілтемелері, жарияланымдар тізімі (оларға сілтемелері бар) мен патенттер; әлеуетті пайдаланушыларға арналған ақпарат. Веб-беттегі (немесе сайтта) ақпарат үнемі жаңартылуы тиіс (жылына кемінде 2 рет). Жоба аясындағы әрбір ғылыми жарияланым үшін оның мазмұны және ықтимал қолданылуы туралы ақпарат ұйымның/зертхананың веб-сайтында және әлеуметтік желілерде және (немесе) бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс. Жобаның Веб парақшасында (немесе сайты) жоба аяқталғаннан кейін 5 жыл бойы белсенді болуы керек және жоба туралы жаңа ақпарат пайда болған кезде жаңартылуы керек.

6. Жоба шеңберінде алынған ғылыми зерттеулердің нәтижелері заңнамада белгіленген тәртіппен Орталықта міндетті түрде мемлекеттік есепке алуға жатады.

7. Қол жеткізілген нәтижелерді қоса алғанда, жобалар бойынша барлық есептер қарыз алуды анықтаудың лицензиялық жүйесінде (платформасында) тексерілуге тиіс. Жүргізілген тексеру туралы мәліметтер есептерде көрсетілуі тиіс.

8. Жобаны қаржыландыру

1. Қаржыландыруға мақұлданған жобаларды іске асыру Қазақстан Республикасында жүзеге асырылуы тиіс.

2. Гранттық қаржыландыру қаражатын жобаның ғылыми жетекшісі бөледі.

3. Гранттық қаржыландыру қаржысы күтілетін өтінімдегі нәтижелерге, міндеттерге, мақсаттарға жету үшін Ұлттық ғылыми кеңестің шешімімен бекітілген және 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 қаулысымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыру қағидаларына сәйкес, конкурсқа дайындалған жобаларды ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық гранттық қаржыландыру өтінімінде көрсетілген ғылыми зерттеулерді жүргізуге тікелей байланысты шығындар түрлеріне бағытталуы тиіс.

4. Гранттық қаржыландыру қаржысы тиіссіз және орынсыз пайдаланылса, өтінім беруші мен жоба жетекшісі Қазақстан Республикасы заңдарымен бекітілген жауапкершілікке тартылады.

5. Жобаларды орындаушы ұйымға гранттық қаржыландырудан қаржы ұстауға рұқсат етілмейді.

6. Гранттық қаржыландыруға арналған конкурс жеңімпаздарымен ғылыми, ғылыми-техникалық жобаны іске асыруға арналған шарт 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады, оған заңнамада белгіленген тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Шартта көрсетілген ғылыми, ғылыми-техникалық жобаны іске асырудан күтілетін нәтижелер күнтізбелік жоспарға және өтінімде көрсетілген күтілетін нәтижелерге сәйкес келуі және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру қорытындылары бойынша күтілетін нәтижелерге осы конкурстық құжаттаманың 7-бөлімі 1-тармағының талаптарынан төмен болмауы тиіс.

Жобаны іске асырудың келесі жылына жарияланымды негізді көшіру жағдайларын қоспағанда, жұмыстардың күнтізбелік жоспарына өтінімде көрсетілген міндеттерді, іс-шараларды, күтілетін түпкілікті нәтижелерді өзгертуге, сондай-ақ ғылыми жарияланымдардың көрсетілген квантиль/процентиль санын азайтуға немесе өзгертуге жасалған шарттарға өзгерістер енгізуге және осы конкурстық құжаттаманың 7-бөлімінің 1-тармағына сәйкес баламалы жарияланымдарға ауыстыруға жол берілмейді.

7. Science Citation Index expanded, Social Science Citation Index және Arts and Humanities Citation Index Web of Science дерекқорында индекстелген ашық қолжетімді (Open Access) журналдарға жарияланымдар үшін баспаға төлем тек тікелей рұқсат етіледі. Баспада төлем жүргізуге арналған онлайн-жүйе болған жағдайда, ол шартсыз жүргізілуі мүмкін.

Жобаның ғылыми бағыты бойынша Web of Science деректер қорының Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index және (немесе) Arts and Humanities Citation Index жүйесінде индекстелетін кемінде бір журнал шығаратын баспаға аударма қызметі, қолжазбаны әдеби және (немесе) тілдік редакциялау үшін ақы төлеуге рұқсат етіледі.

8. Өтінім беруші заңнамада белгіленген тәртіппен жобаның есебін және есептілігін қамтамасыз етеді.

9. Мониторинг актісімен немесе оның жекелеген тармақтарымен келіспеген жағдайда актіге Орындаушының тиісті түсініктемелері енгізіледі, одан кейін актіге барлық тараптар қол қояды. Орындаушы мониторинг актісіне қол қоюдан бас тартқан немесе құжаттарды ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ сараптама тобы мүшелерінің жобаны іске асыру орнына кіруіне кедергі келтірген жағдайда, жобаны қаржыландыруды тоқтату туралы және мониторинг актілерін тиісті ҰҒК қарауына енгізеді.

ҰҒК жобаны қаржыландыруды тоқтату туралы шешім қабылдаған кезде уәкілетті орган орындаушымен шартты бұзады.

10. Конкурстық құжаттаманың 7-бөлімінің 1-тармағында көрсетілген жоба нәтижелеріне қол жеткізілмеген жағдайда және (немесе) конкурстық құжаттаманың 7-бөлімінің 1-тармағында көрсетілген жоба нәтижелеріне қол жеткізбеу себебінен ғана жоба

бойынша қорытынды есеп мақұлданбаған жағдайда, ғылыми жетекші нәтижелерге қол жеткізілгенге дейін (нәтижелерге қол жеткізу туралы Ғылым комитеті мен Орталық хабардар етіледі), бірақ 3 жылдан аспайтын мерзімге Ғылым комитеті жариялайтын келесі конкурстарға ғылыми жетекші ретінде қатысудан шеттетіледі. Ғылыми этиканы бұзу фактілері (плагиат және жалған тең авторлық, қайталау, бөтен деректерді беру, ғылыми деректерді фабрикациялау және бұрмалау және т.б.) анықталған не ҰҒК жобаны қаржыландыруды тоқтату туралы шешім қабылдаған немесе жоба бойынша қорытынды есепті мақұлдамаған жағдайда, ҰҒК шешімімен басшы Ғылым комитеті жариялайтын келесі конкурстарға қатысудан 3 жылға шеттетіледі.

**Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық
жобаларды гранттық қаржыландыру
конкурсына қатысуға өтінім**

Өтінім мынадай бөліктерден тұрады:

- 1) аннотация;
- 2) түсіндірме жазба;
- 3) сұратылатын қаржыландырудың есеп-қисабы.

1. Аннотация

Аннотацияда жоба мақсатының, өзі зерттеуге бағытталған проблемалардың, зерттеулер жүргізудің негізгі тәсілдерінің, күтілетін нәтижелердің, зерттеулер нәтижелерінің ғылыми ұйымдардың және олардың ұжымының, ғалымдардың ғылыми-техникалық әлеуеті (оның ішінде – кадрлық) мен бәсекеге қабілеттілігіне әсер ету деңгейінің, зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығының, яғни олардың коммерцияландыруға немесе Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамуының өзекті міндеттерін шешу үшін өзге сапада қолданылуға әзірлігі деңгейінің қысқаша сипаттамасы қамтылады.

Аннотация көлемі 600 сөзден аспауға тиіс.

2. Түсіндірме жазба

Түсіндірме жазбаның мазмұны мынадай бөлімдерді қамтиды (бұл ретте өтінім нысанында сілтеме жасалған кестелер, схемалар, диаграммалар түсіндірме жазбаға қосымшаға шығарылады және тиісті бөлімдердегі сөздер саны мен өтінімнің жалпы бет санын есептеген кезде есепке алынбайды):

1. Жалпы ақпарат

- 1.1. Жоба тақырыбының атауы [20 сөзден артық емес].
- 1.2. Өтінім берілетін ғылымды дамытудың басым бағытының атауы.
- 1.3. Өтінім берілетін мамандандырылған ғылыми бағыттың атауы.
- 1.4. Ғылыми бағыттардың классификаторына сәйкес зерттеу саласы
- 1.5. Зерттеу түрі
- 1.6. Жобаның басталатын және аяқталатын болжамды күні, оның айлармен көрсетілген ұзақтығы.
- 1.7. Гранттық қаржыландырудың сұратылатын сомасы (жобаның бүкіл іске асырылу мерзіміне және жылдар бойынша, теңгеде).
- 1.8. Сарапшыларды іріктеу үшін өтінімнің саласы мен бағытын сипаттайтын түйін сөздер.

2. Жобаның жалпы тұжырымдамасы [550 сөзден артық емес]

2.1. Кіріспе бөлім [100 сөзден артық емес]

Жоба идеясының, өзі шешуді көздейтін проблеманың қысқаша сипаттамасы көрсетіледі. Жобаның пәнаралығы.

2.2. Жобаның мақсаты [50 сөзден артық емес]

Мақсат қысқа әрі нақты баяндалады, ол жоба тақырыбына сәйкес келуге, қол жеткізілетін болуға және жобаны іске асыру нәтижесінде алынуы күтілетін шешімнің сипаттамасын көрсетуге тиіс. Мақсаттың мазмұны жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде жауап беру болжанатын негізгі мәселені көрсетуге тиіс.

2.3. Жобаның міндеттері [400 сөзден артық емес]

Бұл бөлімде өзара қисынды байланысқан, сабақтас міндеттер арқылы жобаның мақсатына қол жеткізу тәсілі сипатталады. Қойылған міндеттердің тізбесі:

- 1) міндеттер шешімдерінің өлшенетін көрсеткіштерімен;
- 2) міндеттердің әрқайсысының жоба мақсатына қол жеткізудегі рөлінің және басқа міндеттер мен жобаның күтілетін нәтижелерімен өзара байланысының қысқаша негіздемесімен;
- 3) міндеттердің өлшенетін көрсеткіштерін көрсету кезінде әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер саласындағы жобаларды қоспағанда, өтінім беру және жобаны аяқтау кезеңінде әзірлемелердің технологиялық дайындығының деңгейін көрсету қажет;
- 4) өтінім берушінің ойынша басқа маңызды параметрлермен бірге беріледі.

3. Жобаның ғылыми жаңашылдығы және маңыздылығы [1500 сөзден артық емес]

Бөлімде мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

- 1) жобаны әзірлеудің алғышарттары (бар болса, алдын ала нәтижелер және (немесе) жоба тақырыбына қатысты өтінім беруші бұрын алған нәтижелер көрсетіледі);
- 2) мұның алдында әлемде және Қазақстан Республикасында жүргізілген, зерттелетін тақырыпқа жататын ғылыми зерттеулерге, білімнің қазіргі жеткіліксіздігіне міндетті шолу жасай отырып, жобаның ғылыми жаңашылдығының негіздемесі және олардың осы жобамен өзара байланысы (мәнмәтінде шолуда пайдаланылған әдебиетке сілтемелер көрсетілуге тиіс, оның толық жазылуы «Библиография» деген 8-бөлімде ұсынылуға тиіс), жобаның күтілетін нәтижелерін белгілі қолда бар аналогтармен салыстыру;
- 3) жоба нәтижелерінің маңыздылығын негіздейтін ғылыми және технологиялық қажеттіліктер (бар болса, әлеуметтік сұранысты және (немесе) экономикалық және индустриялық мүдделілікті, басқа да растайтын деректерді енгізу), жобаның ұлттық және халықаралық ауқымдағы маңыздылығы, оның нәтижелерінің экономиканың, ғылымның және (немесе) қоғамдық қатынастардың тиісті саласын дамыту үшін қолданылуы;
- 4) жобаның ғылыми-зерттеу жұмыстарының, ғылыми-техникалық әлеуеттің деңгейіне, ғылыми ұйымдар мен олардың ұжымдарының бәсекеге қабілеттілігіне әсері, жобаның нәтижелерінен күтілетін әлеуметтік және экономикалық әсер, күтілетін әсерге қол жеткізу үшін қажетті шарттар.

Осы бөлімді сипаттау кезінде мынадай позициялардың сипаттамасына назар аудару қажет:

- 1) жоба идеясының қазіргі аналогтардан қағидаттық сипаттағы айырмашылықтары. Егер зерттеу идеясы немесе нәтижесі әлемде және (немесе) Қазақстанда бар болса, онда жобаның артықшылығы неде және ол неге қаржыландырылуға тиіс екенін негіздеу қажет;
- 2) егер жобаның түпкілікті нәтижесі өнім болса, онда жоба шеңберінде ұсынылатын өніммен салыстыра отырып, жобаның пәндік саласындағы техниканың қазіргі уақытта қалыптасқан деңгейін сипаттау қажет;
- 3) жоба өтінім беруші бұрын жүргізген ғылыми зерттеулердің жалғасы болып табылатын жағдайда, онда жобаның бұрын жүргізілген ғылыми зерттеулермен өзара байланысын және оның олардан өзгешеліктерін қысқа әрі нақты баяндау қажет.

4. Зерттеу әдістері және этикалық мәселелер [1500 сөзден артық емес]

Бөлімде мынадай ақпарат қамтылады:

- 1) жобаның негізгі ғылыми мәселелері мен гипотезаларын сипаттау, зерттеу стратегиясы мен тәсілдерін негіздеу, жобада қолданылатын зерттеу типтері (сипаттаушылық, корреляциялық және/немесе эксперименттік), зерттеулер жүргізудің дәйектілігі;
- 2) ең маңызды эксперименттердің қысқаша сипаттамасы;
- 3) қойылған мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерін негіздеу ретінде жобада пайдаланылатын зерттеу әдістерін сипаттау, олардың жобаның мақсатымен және міндеттерімен өзара байланысы, өзаралық байланыста болуы;

4) алғашқы (бастапқы) ақпаратты жинау әдістері, оның дереккөздері және жобаның міндеттерін шешу үшін қолдану, деректерді өңдеу тәсілдері, сондай-ақ олардың анықтығы мен жаңғыртылуын қамтамасыз ету;

5) зерттеу нәтижелеріне зияткерлік меншік құқықтарын рәсімдеу және бөлу шарттары (зияткерлік меншікті қорғаудың қандай тәсілі таңдалатынын көрсетіп, таңдауды негіздеу қажет).

5. Зерттеу тобы және жобаны басқару

Зерттеу тобының құрамы 1-кестеге сәйкес ресімделеді. Жоспарланатын штаттың кемінде 70 %-ының (жетпіс пайыз) толық деректері көрсетіледі (зерттеу тобының негізгі персоналы). Қосымша персонал үшін (грант алған жағдайда, тартылатын зерттеу тобы мүшелерінің 30 %-ына дейін) кестеде олардың жобадағы орны мен рөлі, орындалатын жұмыстың сипаты және оларды іріктеу үшін қолданылатын тәсілдер көрсетіледі.

Жобаның ғылыми жетекшісі үшін оның конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін растайтын барлық жарияланымдары, оның ішінде дәйексөз алу индексімен, басылымның квантилімен (процентімен) және тиісті ғылыми метрикалық базалардағы (DOI) жарияланымдар туралы мәліметтерге сілтемелермен бірге көрсетілуге тиіс.

Зерттеу тобының негізгі персоналының жоба бағыты бойынша жарияланымдары туралы (зерттеу тобы мүшелерінің кемінде 10 жарияланым), дәйексөз алу индексі және тиісті ғылыми-метрикалық базалардағы жарияланымдар туралы мәліметтерге сілтемелері бар мәліметтер келтірілуге тиіс. Зерттеу тобы мүшелерінің тегі асты сызылып көрсетілуге тиіс.

6. Зерттеу ортасы [750 сөзден артық емес]

Бөлімде мынадай ақпарат қамтылады:

1) жобаны іске асыру үшін тікелей пайдаланылатын өтінім берушінің қолында бар материалдық-техникалық базаны (жабдықтар, аспаптар, мүкәммал, көлік, ғимараттар, құрылыстар және т. б.), оны пайдалану бағытын және ғылыми-зерттеу жабдығымен жұмыс істеу дағдысы бар зерттеу тобының мүшелерін көрсете отырып сипаттау;

2) жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын негізгі отандық және халықаралық байланыстар (коллабораторлар мен жеке эріптестер), олардың пайдаланылу сипаты мен негіздемесі көрсетіледі. Негіздей отырып, басқа да отандық және шетелдік ұйымдардың (зертханалардың) инфрақұрылымын пайдалану;

3) әрбір ұйымды тарту қажеттілігін негіздеп, оның жобадағы рөлін, орындалатын жұмыстың сипатын, мақсатқа және күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге қосқан үлесін сипаттай отырып, жобаны іске асыруға бөгде ұйымдарды тарту;

4) ұтқырлықты негіздеу: ғылыми іссапарлар және олардың жобаны іске асыруға әсері, эріптес ұйымдар базасындағы жұмыс кезеңдері және олардың жобаны іске асыруға әсері. Әрбір шетелдік іссапар үшін іссапардың мақсаты, күтілетін нәтижесі және орындаушының жобаның мақсатына қол жеткізуге қосқан үлесі қысқаша көрсетіледі.

7. Сұратылатын қаржыландырудың негіздемесі (1500 сөзден артық емес).

Бөлімде мынадай ақпарат қамтылады:

1. 2-кестеге сәйкес жоба (бюджет) бойынша жиынтық есеп. Жобаның бюджетін жобаның ғылыми жетекшісі жұмыс жоспарына сәйкес бөледі және оны осы жобаға байланысты емес шығыстардың өзге баптарына бағыттауға болмайды.

«Еңбекке ақы төлеу (салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қоса алғанда)» деген бапта 3-кестеге сәйкес постдокторанттарды, докторантура, магистратура және бакалавриат студенттеріне, сондай-ақ қаржылық-экономикалық және заңдық сүйемелдеуді жүзеге асыратын адамдарды қоса алғанда, жобаның зерттеу тобының мүшелеріне еңбегі үшін сыйақы ретінде төлеуге жататын шығыстар жеке табыс салығы мен міндетті зейнетақы жарнасы ескеріле отырып көрсетіледі. Есеп-қисапта өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдерден басқа, демалысақылар да ескеріледі. Бапта

әлеуметтік салықты, әлеуметтік сақтандыруды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге жұмсалған шығыстар да көрсетіледі.

«Қызметтік іссапарлар» деген бапта 4-кестеге сәйкес конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға қатысуды, басқа ұйымдардың инфрақұрылымын пайдалану үшін баруды қоса алғанда, зерттеулер жүргізумен тікелей байланысты Қазақстан Республикасының шегінде және оның шегінен тысқары жерге іссапарлардың барлық шығыстары көрсетіледі (билеттер бойынша (авто, теміржол, әуе билеттері) қызмет көрсететін компаниялардың сайттарынан баға ұсыныстарын, іссапарлар жоспарын қоса беру керек). Аталған кестені толтыру кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені және «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысын басшылыққа алу қажет.

«Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу, басқа да көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар» деген бапта 5-кестеге сәйкес орындаушының кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алатын, нәтижесі жобаның мақсатына қол жеткізу үшін қажетті көрсетілетін қызметтерге, оның ішінде (1) ұжымдық ғылыми зертханалар мен басқа да зертханалардың көрсетілетін қызметтеріне, (2) бірлесіп орындаушы ұйымдардың көрсетілетін қызметтеріне, (3) конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға және басқаларға қатысу үшін ұйымдастырушылық жарналарға, (4) жобаның нәтижесінде алынған ғылыми нәтижелерді патенттеуге, (5) зерттеу нәтижелерін жариялауға, (6) талдамалық материалдарды сатып алуға арналған шығыстар көрсетіледі (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін кемінде 1 (бір) баға ұсынысын және (немесе) прайс-парақты қоса беру керек). Жобаны іске асыруға қатысатын шетелдік ғалымдар зерттеу тобының мүшелері болып табылатын жағдайда, олардың қатысуға арналған шығыстары «Еңбекке ақы төлеу» деген бөлімде көрсетіледі.

«Материалдар сатып алу (жеке және заңды тұлғалар үшін), жабдықтарды және (немесе) бағдарламалық қамтылымды (заңды тұлғалар үшін) сатып алу» деген бапта 6-кестеге сәйкес жобаның мақсатына қол жеткізу үшін қажетті жабдықтар мен материалдарға арналған барлық шығындар мен бағдарламалық қамтылымды сатып алуға арналған шығыстар көрсетіледі, оның ішінде химиялық реактивтер, еріткіштер, стандартты үлгілер, зертханалық шығыс материалдар, ғылыми-зерттеу жабдықтарына арналған қосалқы бөлшектер, жанар-жағармай материалдары және басқалар (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін кемінде 1 (бір) баға ұсынысын және (немесе) прайс-парақты қоса беру керек).

«Жалға алу шығыстары, жабдықтар мен техниканы пайдалану шығыстары» деген бапта 7-кестеге сәйкес өтінім берушінің тиісті үй-жайы болмаған кезде жобаның мақсатына қол жеткізу үшін қажетті үй-жайларды, жабдықтар мен техниканы жалға алуға, сондай-ақ жобаны іске асыруға байланысты коммуналдық көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстар, сондай-ақ зерттеу жүргізуге тікелей жұмылдырылған үй-жайларға, жабдықтар мен техникаларға қызмет көрсетуге арналған шығыстар көрсетіледі (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін кемінде 1 (бір) баға ұсынысын және (немесе) прайс-парақты қоса беру керек).

2. 3-7-кестелерге сәйкес шығыстардың әрбір бабына есеп-қисаптар

3. Әрбір шығыстар бабының мазмұны мен көлемінің есебіне олардың жобаның мақсаттарына, міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажеттілігін міндетті түрде негіздеп, сондай-ақ тиісті шығыстар баптарын есептеуге негіз болған бағалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, қысқаша түсіндірмелер.

Барлық шығыстар баптарының жалпы сомасы қаржыландыруға сұратылатын соманы білдіреді және «Жалпы ақпарат» деген бөлімнің 1.5-тармағында көрсетілген сомаға барабар болуға тиіс.

8. Жобаны іске асыру жоспары

Бөлім 8-кестеге сәйкес жоба бойынша жұмыстардың егжей-тегжейлі, дәйекті жұмыс жоспарын қамтиды.

9. Күтілетін нәтижелер [750 сөзден артық емес]

Бөлімде зерттеулердің негізгі нәтижесі, яғни жобаның мақсатына қол жеткізуге сәйкес келетін нәтиже, оның сандық және сапалық сипаттамалары мен іске асыру нысандары көрсетіле отырып сипатталады. Жобаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес нәтиженің негіздемесі келтіріледі.

Конкурстық құжаттаманың талаптарына байланысты жоба нәтижесін іске асыру нысандары мыналар болып табылуы мүмкін:

1) шетелдік рецензияланатын ғылыми журналдарда мақалалар жариялау (жоба нәтижелерін жариялауға арналған болжамды басылымдар, басылымның дәйексөз алу индексі, тиісті ғылыми метрикалық базадағы басылым туралы ақпаратқа сілтеме жасай отырып). Зерттеулердің нәтижелері бойынша мақалалар санына қойылатын талаптар конкурстық құжаттамада белгіленеді. Гранттық қаржыландыру көзі ретінде көрсетіле отырып, әрбір бап оның шеңберінде қаржыландырылған жобаның сәйкестендіруші тіркеу нөмірі және атауы туралы ақпаратты қамтуға тиіс;

2) шетелдік және (немесе) қазақстандық баспалар кітаптарында монографияларды, кітаптарды және (немесе) кітаптардағы тарауларды жариялау;

3) шетелдік (еуропалық, американдық, жапондық) патенттік бюродан, қазақстандық немесе еуразиялық патенттік бюродан патенттер алу;

4) ғылыми-техникалық, конструкторлық құжаттаманы әзірлеу;

5) әлеуетті пайдаланушылар, ғалымдар қоғамдастықтары және қалың жұртшылық арасында жұмыс нәтижелерін тарату;

6) конкурстық құжаттаманың талаптарына және жобаның ерекшеліктеріне сәйкес басқа да өлшенетін нәтижелер. Бөлімде:

1) күтілетін нәтижелердің әрқайсысының қолданылу саласы және нысаналы тұтынушылары;

2) күтілетін нәтижелердің ғылым мен технологиялардың негізгі ғылыми бағыты мен сабақтас салаларын дамытуға әсері;

3) алынған ғылыми нәтижелерді коммерцияландырудың қолданылымдығы және (немесе) мүмкіндігі;

4) негіздемесі бар жоба нәтижелерінің әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, ғылыми-техникалық, мультипликативтік, оның ішінде ел өңірлеріндегі проблемаларды шешу бойынша және (немесе) өзге де әсері;

5) сапалық және сандық сипаттамаларын көрсете отырып, жобаның басқа да тікелей және жанама нәтижелері қосымша көрсетіледі.

10. Библиография

Бөлімде «Жобаның ғылыми жаңашылдығы мен маңыздылығы» деген 3-тармақта сілтемелер келтірілген жарияланымдар көрсетіледі.

Әрбір жарияланымда журналдың толық атауы, басылым нөмірі, шығарылған жылы, бет нөмірлері, мақаланың толық атауы, мақаланың барлық авторларының есімдері болуға тиіс.

Қосымша:

1) 9-кестеге сәйкес жекеше әріптес тарапынан жобаны іске асыруға үлес қосу жоспары (қолданбалы ғылыми зерттеулер үшін).

3. Сұратылатын қаржыландырудың есеп-қисабы

«Сұратылатын қаржыландыру есеп-қисабының» бір бөлігі гранттық қаржыландыру жобасын іске асыру үшін сұратылатын көлемнің есеп-қисабын негіздейтін 2 – 7-кестелер түрінде ресімделеді, олар сараптама орталығының ақпараттық жүйесінде толтырылады.

Есеп-қисаптарға түсіндірмелер «Сұратылатын қаржыландырудың негіздемесі» деген 7-бөлімнің «Түсіндірме жазба» деген бөлігінде келтіріледі.

1-кесте – Шетелдік ғалымдарды, жас ғалымдарды (постдокторанттарды, докторантура, магистратура және бакалавриат студенттерін қоса алғанда, ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі зерттеу тобының құрамы

P/c №	Т.А.Ә. (бар болса), білімі, дәрежесі, ғылыми атағы ¹	Негізгі жұмыс орны, лауазымы ²	Хирш индексі, ResearchID, ORCID, Scopus Author ID сәйкестендіргіштері (бар болса)	Жобадағы немесе бағдарламадағы рөлі, сондай-ақ орындалатын жұмыстың сипаты	Қатысудың қысқаша негіздемесі

¹ Деректері өтінімді дайындау күнінде белгісіз болған және оларды грант алған жағдайда тарту жоспарланатын зерттеу тобының мүшелері үшін «Т.А.Ә. (бар болса), білімі, дәрежесі, ғылыми атағы» деген бағанда «Бос жұмыс орны» деген сөз көрсетіледі.

² Негізгі персоналға жатпайтын және өтінімді дайындау күнінде айқындалмаған зерттеу тобының мүшелері үшін «Негізгі жұмыс орны, лауазымы» деген бағанда сызықша көрсетіледі. Деректері өтінімді дайындау кезінде белгісіз болған постдокторанттар, докторантура, магистратура және бакалавриат студенттері үшін «Негізгі жұмыс орны, лауазымы» деген бағанда мәртебесі көрсетіледі (постдокторант, докторантура, магистратура және бакалавриат студенті, мамандығы және зерттеу тобының құрамына тиісті қызметкерлерді тарту болжанатын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы).

			теңге			емес)			× 9- бағ)	емес)		саны	12- бағ. × 13- бағ)	бағ)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
1.	Зерттеу тобының негізгі персоналы			х				х				х		
1.1.														
1.2.														
...														
2.	Қосымша персонал			х				х				х		
2.1.														
2.2.														
...														
3.	Жиыны Еңбекке ақы төлеу қоры (1-бағ.+ 2-бағ.)	х	х	х		х	х	х		х	х	х		
4.	Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	х	х	х		х	х	х		х	х	х		

	(жиыны 4.1-бағ + 4.2-бағ + 4.3-бағ)													
4.1	Әлеуметтік салықты төлеуге арналған шығыстарды есептеу	x	x	x		x	x	x		x	x	x		
4.2	Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды төлеуге арналған шығыстарды есептеу	x	x	x		x	x	x		x	x	x		
4.3	Міндетті медициналық сақтандыруға аударымдар	x	x	x		x	x	x		x	x	x		
Барлығы 3-бағ + 4-бағ)		x	x	x		x	x	x		x	x	x		

4-кесте – Қызметтік іссапарлар

P/c №	Межелі пункті (ел, қала, елді мекен атауы)	1 адамға арналған тәуліктік шығыстарды өтеу нормасы (2 x айлық есептік көрсеткіш) (теңге)	1 адамға арналған тәулігіне тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстар нормасы (теңге)	Тәуліктік шығыстарды есептеу үшін орташа жылдық адам/ күн саны (адам/күн)	Тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығысты есептеу үшін орташа жылдық адам/күн саны (адам/күн)	Іссапарға жіберілетін адамдардың орташа жылдық саны (адам)	Бір рет екі жаққа да жол жүрудің орташа құны (теңге)	Шығыстар сомасы (мың теңге) (3-бағ x 5-бағ + 4-бағ x 6-бағ + 7-бағ x 8-бағ)/1000
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.	20__ жыл (1-ші жыл) барлығы						x	
1.1.								
1.2.								
...								
2.	20__ жыл (2-ші жыл) барлығы						x	
2.1.								
2.2.								
...								
3.	20__ жыл (3-ші жыл) барлығы						x	
3.1.								
3.2.								
...								
Жиыны (1-бағ + 2-бағ + 3-бағ)							x	

5-кесте – Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу, басқа да көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны, бірлік	Бірлігіне құны, теңге	Жалпы құны, теңге (4-бағ × 5-бағ)
1	2	3	4	5	6
1.	20 __ жыл (1-ші жыл) барлығы			x	
1.1.					
1.2.					
...					
2.	20 __ жыл (2-ші жыл) барлығы			x	
2.1.					
2.2.					
...					
3.	20 __ жыл (3-ші жыл) барлығы			x	
3.1.					
3.2.					
...					
Жиыны (1-бағ + 2 -бағ+ 3-бағ), теңге				x	

6-кесте – Материалдар, жабдықтар және (немесе) бағдарламалық қамтылымды (заңды тұлғалар үшін) сатып алу

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны, бірлік	Бірлігіне құны, теңге	Жалпы құны, теңге (4-бағ × 5-бағ)
1	2	3	4	5	6
1.	20 __ жыл (1-ші жыл) барлығы			x	
1.1.					
1.2.					
...					

2.	20__ жыл (2-ші жыл) барлығы			x	
2.1.					
2.2.					
...					
3.	20__ жыл (3-ші жыл) барлығы			x	
3.1.					
3.2.					
...					
Жиыны (1-бағ + 2 -бағ+ 3-бағ), теңге				x	

7-кесте – Жалға алу шығыстары, зерттеулерді іске асыру үшін пайдаланылатын жабдықтар мен техниканы пайдалану шығыстары

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Өлшем бірлігіне құны	Саны, бірлік	Барлығы, теңге (4-бағ × 5-бағ)
1	2	3	4	5	6
1.	20__ жыл (1-жыл), барлығы		x	x	
1.1.					
1.2.					
...					
2.	20__ жыл (2-жыл), барлығы		x	x	
2.1.					
2.2.					
...					
3.	20__ жыл (3-жыл), барлығы		x	x	
3.1.					
3.2.					
...					
Жиыны (1-бағ.+2-бағ.+3-бағ.)			x	x	

8-кесте – Іске асыру жөніндегі жұмыстардың жоспары

Р/с №	Міндеттердің және оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың атауы	Орындау мерзімі		Жобаны іске асырудан күтілетін нәтижелер (міндеттер мен іс-шаралар бөлінісінде), аяқтау нысаны
		Басталуы (ай)	Аяқталуы (ай)	
20____ жыл				
20____ жыл				
20____ жыл				

9-кесте – Әріптестің салым салу жоспары

Р/с №	Әріптестің атауы, мекенжайы, байланыс ақпараты	Салым нысаны (50 сөзден артық емес)	Салымның құны, теңге	Енгізу күні (күн/ай/жыл)
1	2	3	4	5

Гранттық қаржыландыруға арналған

№ _____ ШАРТ

Астана қ.

« ____ » _____ 20 ____ жыл

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы _____ № _____ бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің аппарат басшысының 2022 жылдың « ____ » _____ № _____ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің құрылымдық бөлімшелерін бекіту туралы ереженің негізінде әрекет ететін, Төраға _____ тұлғасындағы, бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын, «Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті» мемлекеттік мекемесі, бір тараптан, және берілген/бекітілген (жеке тұлғалар үшін мекеме және берілген кезі _____ « ____ » _____ /заңды тұлғалар үшін _____ жылғы « ____ » _____ № _____) негізінде әрекет ететін (тек заңды тұлғалар үшін басшының лауазымы, Т.А.Ә.), (жеке тұлғалар үшін жеке куәлік/заңды тұлғалар үшін заңдық құжат) тұлғасындағы, бұдан әрі Орындаушы деп аталатын (жеке тұлғалар үшін Т.А.Ә./ заңды тұлғалар үшін ұйымның заңдық атауы), екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатындар, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 96 – бабы, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексінің 401, 402, 403-баптары, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің (бұдан әрі-Салық кодексі) 394-бабы, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы Заңының 24, 27-тармақтары, "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 қаулысының 69-тармағы. 38,39 "Ұлттық ғылыми кеңестер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 мамырдағы № 519 қаулысы негізінде, Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті төрағасының «2024-2026 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттамасын бекіту туралы» 2022 жылғы « ____ » _____ № _____ бұйрығы негізінде, Ұлттық ғылыми кеңестердің (Іске асырылатын басымдық көрсетіледі) 10 басымдық бойынша қаржылық қаржыландыру туралы шешімдері (2022 жылғы « ____ » _____ № _____ хаттама), Ғылым комитеті төрағасының (Іске асырылатын басымдық көрсетіледі) бойынша «2024-2026 жылдарға арналған ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру туралы Ұлттық ғылыми кеңестің шешімін бекіту туралы» 2024 жылғы « ____ » _____ № _____ бұйрығы негізінде төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

1. Шарттың мәні

1.1 Тапсырыс беруші тапсырады, ал Орындаушы өзіне жалпы сомасы _____ (сомасын жазбаша көрсету) болатын жобаны іске асырудың барлық кезеңінде 217 «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасы, 102 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» кіші бағдарламасы, «Консалтингтік қызметтер мен зерттеулерді төлеу» бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс аясында ғылыми зерттеу (лер) жұмыстарын орындау міндеттерін жылдарға бөле отырып, алады:

2024 жылға арналған қаржыландырудың сомасы бойынша – _____ сомасында (сомасын жазбаша көрсету);

2025 жылға арналған қаржыландырудың сомасы бойынша _____ сомасында (сомасын жазбаша көрсету);

2026 жылға арналған қаржыландырудың сомасы бойынша _____ сомасында (сомасын жазбаша көрсету) басымдық бойынша: (атауын көрсету) және тақырып (тар) бойынша: 1) ЖТН " _____ " (ұйым бойынша тиісті басымдық жобаларының тақырыптарын көрсету).

1.2 Гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны іске асырудың негізгі кезеңдерінің мазмұны, орындалу мерзімдері мен нәтижелері жұмыстардың күнтізбелік жоспарымен және Орындаушының гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық өтініміне сәйкес күтілетін нәтижелерімен және конкурстық құжаттаманың тиісті талаптарымен айқындалады.

1.3 Төменде көрсетілген құжаттар мен шарттар осы Келісімшартты құратын оның ажырамас бөлігі болып табылады:

- 1) Осы Шарт;
- 2) Жұмыстың күнтізбелік жоспары (1.1-1-қосымша);
- 3) Бөлінген қаражат туралы есеп (2.1-2-қосымша).

2. Ғылыми-техникалық өнімнің сипаттамасы

2.1 Күнтізбелік жоспардың (лардың) 2-тармағында көрсетілген біліктілік белгілері бойынша ғылыми-техникалық өнімнің сипаттамасы және экономикалық көрсеткіштері, 1.1-1... қосымшаға сәйкес (тақырыптың көлеміне қарай) (мысалы, ұйым бойынша 5 тақырып - 1.1-1.5, 20 тақырып - 1.1-1.20).

3. Шарттың жалпы құны және төлем шарттары

3.1 Шарттың жалпы сомасы құрайды _____ теңге (сомасы жазумен), (оның ішінде _____ теңге 10% жеке табыс салығын жеке тұлғалар үшін, _____ теңге (сомасы жазумен) 10% міндетті зейнетақы жарналарын, сондай-ақ өзге де аударымдар заңнамасына сәйкес), барлық жобаны іске асыру мерзімі, жылдар бойынша бөле отырып:

2024 жылға арналған қаржыландырудың сомасы бойынша _____ (сомасы жазумен), (оның ішінде _____ теңге (сомасы жазумен) 10% жеке табыс салығын жеке тұлғалар үшін, _____ теңге (сомасы жазумен) 10% міндетті зейнетақы жарналарын, сондай-ақ өзге де аударымдар заңнамасына сәйкес);

2025 жылға арналған қаржыландырудың сомасы бойынша _____ (сомасы жазумен), (оның ішінде _____ теңге (сомасы жазумен) 10% жеке табыс салығын жеке тұлғалар үшін, _____ теңге (сомасы жазумен) 10% міндетті зейнетақы жарналарын, сондай-ақ өзге де аударымдар заңнамасына сәйкес);

2026 жылға арналған қаржыландырудың сомасы бойынша _____ (сомасы жазумен), (оның ішінде _____ теңге (сомасы жазумен) 10% жеке табыс салығын жеке тұлғалар үшін, _____ теңге (сомасы жазумен) 10% міндетті зейнетақы жарналарын, сондай-ақ өзге де аударымдар заңнамасына сәйкес), Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджетке барлық салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді ескере отырып, жұмыстарды орындауға байланысты барлық шығындар құнын қоса алғанда.

3.2 Тапсырыс беруші Орындаушының жұмысын төмендегідей тәртіпте төлейді: Тапсырыс беруші осы шарт Қазынашылық органдарында тіркелген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тиісті жылға қаржыландыру сомасының 50% - ын алдын ала төлеуді жүзеге асырады.

Келесі төлем Орындаушы ұсынған төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына және Тараптардың орындалған жұмыстар туралы актісіне қол қойған күннен соң алынған алғашқы төлемге сәйкес пропорционалдық жүйе бойынша төленеді.

Шарт бойынша тиісті қаржылық жылдың соңында түпкілікті төлем (жобаның іске асырылуының бірінші жылы, екінші жылында (аралық) Орындаушы төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес ұсынғаннан кейін: күнтізбеге сәйкес жобаның іске асырылуы туралы қысқаша ақпаратын, Ұлттық ғылыми кеңестердің оң шешімін (дерін), бөлінген қаржыны пайдалану туралы есебін және бекітілген заңдарға сәйкес, атқарылған жұмыстардың актісіне Тараптар қол қойған соң жүргізіледі.

Шарт бойынша тиісті қаржылық жылдың соңында түпкілікті төлем (жобаның іске асырылуының үшінші жылы, (қорытынды)) Орындаушы төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес ұсынғаннан кейін: ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы есебін, мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама қорытындысын, Ұлттық ғылыми кеңестердің оң шешімін (дерін), бөлінген қаржыны пайдалану туралы есебі (Шартқа 2.1-2 қосымша) және бекітілген заңдарға сәйкес, атқарылған жұмыстардың актісіне Тараптар қол қойған соң жүргізіледі.».

3.3 Қаржыландыру көзі: Республикалық бюджет.

3.4 Орындаушы және бірлесіп орындаушылар өздеріне тиісті рет бойынша бухгалтерлік есеп және жұмыстың әр кезеңдеріндегі жасалған нәтиженің құнына заңнамалық тәртіппен нақты талдау жасауы міндетті.

3.5 «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы 2017 жылдың 25 желтоқсанындағы Кодексінің 394-бабының 40) тармақшасына сәйкес Орындаушы қосымша құн салығынан босатылады.

4. Жұмысты тексеру және қабылдау тәртібі

4.1 Орындаушы Тапсырыс берушіге күнтізбелік жоспарға сәйкес жобаны іске асыру туралы қысқаша мәліметтерді (жобаны іске асырудың бірінші жылы, екінші жылы (аралық)) ағымдағы есепті жылдың 15 қарашасынан кешіктірмей, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы қорытынды есептер (жоба аяқталғаннан кейін) ағымдағы есепті жылдың 1 қарашасынан кешіктірмей ұсынады.

4.2 Орындаушы жобаны іске асырудың бірінші жылында (іске асыру мерзімі 1 (бір) жыл жобаларды қоспағанда), екінші жылында (іске асыру мерзімі 2 (екі) жыл жобаларды қоспағанда) (аралық) орындалған жұмыстар актісін және қысқаша мәліметтер бойынша Ұлттық Ғылыми Кеңестің шешімін Тапсырыс берушіге 10 желтоқсаннан кешіктірмей ұсынады.

Орындаушы Тапсырыс берушіге жобаны іске асырудың бірінші жылында (іске асыру мерзімі 1 (бір) жыл жобалар бойынша), екінші жылында (іске асыру мерзімі 2 (екі) жыл), үшінші жылында (іске асыру мерзімі 3 (үш) жыл) (қорытынды) 10 желтоқсаннан кешіктірмей орындалған жұмыстардың актісін, мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың қорытындысын және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы есептер жөніндегі Ұлттық ғылыми кеңестің шешімін ұсынады.

Орындаушы Тапсырыс берушіге бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есепті ((аралық) (іске асыру мерзімі 1 (бір) жыл) жобаларды қоспағанда, бірінші жыл (іске асыру мерзімі 2 (екі) жыл) жобаларды қоспағанда) есепті жылдан кейінгі жылдың 25 қаңтарына дейін, қорытынды есепті ағымдағы есепті жылдың 10 желтоқсанына дейінгі мерзімде (2.1-2-қосымша) ұсынады.

Орындаушы гранттық қаржыландыру бойынша бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есепте көрсетілетін мәліметтердің анықтығы мен заңдылығын қамтамасыз етеді.

4.3 Гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны іске асыру процесінде кері нәтиже алудың болмай қоймайтындығы немесе Гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны одан әрі жүргізудің тиімсіздігі анықталса, Орындаушы оларды тоқтата тұруға, бұл туралы жұмыс тоқтатылғаннан кейін бес күндік мерзімде Тапсырыс берушіні хабардар етуге міндетті.

Бұл жағдайда тараптар Ұлттық ғылыми кеңестің (- тердің) шешімін алу арқылы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны жалғастырудың орындылығы мен бағыттары туралы мәселені қарауға міндетті.

4.4. Жоба барысында мемлекеттік ұйымдар сатып алған құрал, жабдық және (немесе) инвентарь олардың балансына бекітіледі. Жобаны іске асыру кезінде құны кемінде 25 млн теңгені құрайтын жабдықты ауыстыруға немесе алып тастауға жол берілмейді. бірлік үшін. Бұл ретте, сатып алу мүмкін болмаған жағдайда, осы жабдықты сатып алуға жоспарланған сома ҰҒК шешімі негізінде бюджетке қайтарылады.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1 Шарттағы көрсетілген міндеттер орындалмаған жағдайда, тараптар заңнамада белгіленген шарттар мен тәртіп бойынша жауапқа тартылады.

5.2 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жоба бойынша жұмыстар осы Шарттың 1.1-1-қосымшасында және Шарттың 4.1-тармағында көрсетілген мерзімдерде орындалмаған жағдайда, Орындаушы әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаның тиісті ағымдағы жылы сомасының 0,03% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын тиісті бюджеттің кірісіне төлейді.

Күнтізбелік жұмыс жоспарында көзделген жұмыстар орындалмаған және тиісінше орындалмаған жағдайда (1.1-1-қосымша)._) Орындаушы әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаның тиісті ағымдағы жылы сомасының 0,05% - ы мөлшерінде тиісті бюджет кірісіне тұрақсыздық айыбын төлейді.

Тұрақсыздық айыбының сомасын шегеру үшін Орындаушы мен Тапсырыс беруші Республикалық бюджеттің кірісіне Орындаушы тұрақсыздық айыбын төлеген және растайтын құжатты ұсынған жағдайларды қоспағанда, Шартқа қосымша келісім жасасады.

5.3 Орындаушы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жоба бойынша жұмыстарды орындамаған және дұрыс орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші жобаның кез келген кезеңінде Ұлттық ғылыми кеңестің шешіміне сәйкес қаржыландыруды тоқтата алады.

5.4 Гранттық қаржыландыру қаражаты ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаның ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны тікелей басқару үшін Өтінім беруші тағайындаған ғылыми жетекшісіне гранттық қаржыландыруға арналған өтінімге сәйкес беріледі.

5.5 Гранттық қаржыландырудың қаражаты бекітілген заңдардың талаптарына сәйкес, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны іске асыруға қатысты шығындарға бағытталуы тиіс.

5.6 Гранттық қаржыландыру бойынша бөлінген қаражат тиімсіз және негізсіз басқа мақсатқа жұмсалса, Орындаушы бекітілген заңнамалық талаптар бойынша жауапты болады.

5.7. Жобаны іске асырудың келесі жылына жарияланымды ауыстыру жағдайларын қоспағанда, өтінімде көрсетілген міндеттерді, іс-шараларды, күтілетін түпкілікті нәтижелерді өзгертуге, сондай-ақ ғылыми жарияланымдардың көрсетілген квартиль/процентиль санын азайтуға немесе өзгертуге арналған күнтізбелік жоспарға (1.1-1-қосымша) өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

6. Өзге де шарттар

6.1 Жобаны (ларды) іске асыру процесінде орындаушы осы конкурстық құжаттаманы ұстануға міндетті.

6.2 Жоба барысында және (немесе) аяқталғаннан кейін алынған ғылыми жұмысты, зерттеу нәтижелерін (мақалалар, шолулар, қорғау құжаттары, оның ішінде патенттер, монографиялар, конференциялар, форумдар мен симпозиумдар материалдары, оқу құралдары және т.б.) жариялау кезінде авторлар жобаның ЖТН және қаржыландыру көзін (Қазақстан

Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті) көрсете отырып, алынған грантқа міндетті түрде сілтеме жасауға тиіс.

Орындаушы гранттық қаржыландыру бойынша бөлінген қаражатты пайдалану туралы есепте көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын және заңдылығын қамтамасыз етеді.

6.3 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалардың іске асырылу барысына және олардың нәтижелілігіне, оның ішінде жергілікті жерге барып мониторинг жүргізу, сондай-ақ жүргізілетін ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалардың нәтижелілігінің мониторингін жүзеге асыру қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

6.4 «2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізілетін жағдайда, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны орындауға бөлінетін қаражаттың көлемін тиісті қаржы жылына бөлінетін бөлігін азайтып, Тапсырыс беруші Ұлттық ғылыми кеңестің шешімі негізінде Шарттың 3.1-тармағына, күнтізбелік жұмыс жоспарына (Шартқа 1.1-1 қосымшасы) талапқа сай өзгерістер енгізе алады.

6.5 Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық мекемесіне «__» _____ 20 ()_ жылдан тіркеуге қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар үшін міндетті саналады.

6.6 Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есепті мемлекеттік есепке алу қағидаларына және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 149 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми – техникалық жобалар мен бағдарламаларды мемлекеттік есепке алу қағидаларына сәйкес Орындаушы заңнамада белгіленген тәртіппен Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығында (бұдан әрі-Орталық) міндетті мемлекеттік есепке алуға жатады .

6.7 Үшінші тараптың барлық наразылықтарына Орындаушы жауапты болады.

6.8 Шарт бірдей заңды күші бар Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан екі данада жасалды.

6.9 Осы Шартқа енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісімдермен ресімделеді және оларға Тараптардың бірінші басшылары қол қояды.

1. Тараптардың заңды мекенжайлары

(бөлек бетке орналастыруға болмайды)

Тапсырыс беруші:

«Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті» ММ

Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8

БИН 061 140 007 608

БИК КК MF KZ 2A

ИИК KZ92 0701 01KS N000 0000

Кбе 11

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті»

Орындаушы:

Мекеменің заңды атауы

Заңды мекен-жайы

Облыс, қала, көше, үй

БИН XXX XXX XXX ...

БИК XX XX XX

ИИК XXXX XXXX XXXX ...

Кбе XXX

БАНК без филиала и города

Лауазымы (Ұйымның атауысыз)

Төраға

_____ Тегі.А.Ә.

м.о.

_____ Фамилия. И.О.

м.о.

(ескерту - көк, шарикті қаламмен қол қою, мөрдi анық басып шығару)

(ҚОЛ ҚОЙЫЛҒАН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРДІ ЖЕКЕ БЕТТЕ ОРНАЛАСТЫРУҒА БОЛМАЙДЫ)

КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР

Шарт № _____ 20__ жыл

1. ОРЫНДАУШЫНЫҢ АТАУЫ (занды, немесе жеке тұлға)

- 1.1 Басым бағыты: _____ толтыру.
- 1.2 Қосалқы басымдығы: _____ Толтыру.
- 1.3 Жоба тақырыбы бойынша: ИРН _____ « _____ » Толтыру.
- 1.4 Жобаның жалпы сомасы XXXXXX (жоба сомасының сандық мәні) (жазбаша) теңге, оның ішінде жылдар бойынша бөле отырып, 3-тармаққа сәйкес жұмыстарды орындау үшін:
- 2024 жылға - сомасы XXXXXX (сомасы жазбаша түрде) теңге;
 - 2025 жылға - сомасы XXXXXX (сомасы жазбаша түрде) теңге;
 - 2026 жылға - сомасы XXXXXX (сомасы жазбаша түрде) теңге.

2. Ғылыми-техникалық өнімнің біліктілік белгілері бойынша сипаттамасы және экономикалық көрсеткіштер

- 2.1 Жұмыс бағыты: Толтыру.
- 2.2 Қолдану аясы: Толтыру.
- 2.3 Соңғы нәтиже:
- 2024 жылға: Толтыру;
 - 2025 жылға: Толтыру;
 - 2026 жылға: Толтыру.
- 2.4 Патент қабілеттілігі: Толтыру.
- 2.5 Ғылыми-техникалық деңгей (жаңалық): Толтыру.
- 2.6 Ғылыми-техникалық өнімді пайдалану: Кім пайдаланады? Толтыру
- 2.7 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесін пайдалану түрі: Толтыру.

3. Жұмыстардың атауы, оларды іске асыру мерзімдері және нәтижелері

Тапсырма, кезең шифры	Шарт бойынша жұмыстардың атауы және оны орындаудың негізгі кезеңдері*	Орындау мерзімі*		Күтілетін нәтиже*
		басталуы	аяқталуы	

Ескертпе: * - конкурстық өтінімнің күнтізбелік жоспарына сәйкес әрбір жыл бойынша

2024, 2025, 2026 жылдардағы жұмыстар, мерзімі және нәтижелері көрсетіледі.

Тапсырыс беруші:

«ҚР Ғылым және жоғары білім
министрлігінің Ғылым комитеті» ММ

_____ Т. А.Ә. _____
М.О.

Орындаушы:

ЛАУАЗЫМЫ «Ұйымның атауы»

_____ Ұйымның бірінші
М.О. басшысының Т.А.Ә

Таныстым:
Ғылыми жоба (лардың) жетекшісі
_____ Т.А.Ә.
(қолтаңба)

(Қолтаңбаларды жеке бетте орналастыруға болмайды)

(Күнтізбелік жоспар жобаның әрбір тақырыбы бойынша жеке жасалады)

№ __ « __ » _____ 20__ жылғы
Шартқа 2 қосымша

**ГРАНТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ҚАРАЖАТТЫҢ
ПАЙДАЛАНЫЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

№ p/c	Шығындар бабының атауы	Смета бойынша жоспарланған сома	Нақты жұмсалған сома	Қаражат ты үнемдеу	Растайтын құжаттардың атауы	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7
1	Еңбекақы					
2	Ғылыми іс- сапарлар:					
	Қазақстан Республикасы ішінде					
	Қазақстан Республикасы сыртында					
3	Басқа қызметтер мен жұмыстар					
4	Материалдарды сатып алу					
5	Жабдықтар мен бағдарламалық жасақтаманы сатып алу (заңды тұлғалар үшін)					
6	Ғылыми- ұйымдастырушы лық қамтамасыз ету					
7	Үй-жайларды жалға алу					
8	Жабдықтар мен техниканы жалға алу					
9	Зерттеулерді іске асыру үшін пайдаланылатын жабдықтар мен техниканы пайдалану шығыстары					
10	Салықтар мен					

	басқа міндеттер					
	ЖИЫНЫ	Барлығы	Барлығы	Барлығы		

Ескертпе:

- 1) Әрбір жоба бойынша есеп жеке толтырылады;
- 2) Ұсынылған мәліметтердің дұрыстығы үшін Орындаушы заңнамада белгіленген тәртіппен жауапты болады.

Ұйым жетекшісі _____
(қолтаңба) Т.А.Ә. (бар болса)

Ғылыми жоба жетекшісі _____
(қолтаңба) Т.А.Ә. (бар болса)

Есепші-экономист _____
(қолтаңба) Т.А.Ә. (бар болса)